

ҒТАХР/МРНТИ/IRSTI 03.20.03
ӘӨЖ/УДК/UDS 930

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.031>

Нурбаева Д.З. * ¹

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
E-mail: dina.nis01@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-0821-7979>

ҰЗАҚБАЙ ҚҰЛЫМБЕТОВ ҚАЗАҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ (1935–1937 жж.)

Аңдатпа

Бұл мақалада 1935-1937 жылдары Қазақ Орталық Атқару комиетінің төрағасы қызметін атқарған Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетовтың осы қызмет барысындағы атқарған елеулі істері туралы баяндалады. Атап өткенде 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтан кейінгі Қазақстаннан үдере көшкен халықты елге қайтару барысындағы қызметі, жергілікті халықты кәсіппен қамту, халықтың дәстүрлі шаруашылығын қалпына келтіру бойынша жұмыстары, әсіресе, түйе шаруашылығын жандандыру шаралары, қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолындағы қызметі, қазақ балаларының білім алуына жағдай жасауы, балалар үйіндегі қазақ балалардың әл-ауқатын арттыру бойынша жасаған жұмыстары, мемлекеттік басқаруда жергілікті халық арасынан кадр жасақау барысындағы қызметтері мұрағаттық деректер негізінде талданып жазылды.

Зерттеудің мақсаты – оның республикадағы мемлекеттік басқару жүйесін дамытудағы, әлеуметтік-экономикалық және мәдени реформаларды жүзеге асырудағы рөлін мұрағаттық құжаттар негізінде талдау. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасы мұрағатарының құжаттары, мерзімді баспасөз материалдары және отандық тарихнамалық еңбектер пайдаланылды. Мақала нәтижелері Ұзақбай Құлымбетовтің Қазақстанның мемлекеттік басқару тарихындағы орны мен қызметінің маңызын айқындауға мүмкіндік береді. Мақаланың өзіндік ерекшелігі де Ұзақбай Құлымбетовтың басшы ретіндегі қызметінің қыр-сырларын ашып көрсету болып табылады.

Кілт сөздер: Қазақ Орталық Атқару Комиеті, 1931-1933 ашаршылық, қазақ тілі, мал шаруашылығы, түйе шаруашылығы, балалар үйі.

Нурбаева Д.З. ¹

¹ Докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва,
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: dina.nis01@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-0821-7979>

УЗАКБАЙ КУЛЫМБЕТОВ НА ПОСТУ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ КАЗАХСКОГО ЦЕНТРАЛЬНОГО ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО КОМИТЕТА (1935–1937 гг.)

Аннотация

В данной статье рассматривается деятельность Узакбая Желдирбаевича Кулымбетова на посту председателя Казахского Центрального Исполнительного Комитета в 1935–1937 гг. Особое внимание уделяется его вкладу в решение социально-экономических и общественно-политических проблем республики в указанный период. В частности, анализируется его

деятельность по возвращению на родину населения, покинувшего Казахстан в годы голода 1931–1933 гг., обеспечению занятости местного населения, восстановлению традиционных форм хозяйствования, а также мерам по развитию верблюдоводства. Рассматриваются инициативы У. Кулымбетова, направленные на повышение статуса казахского языка, создание условий для получения образования казахскими детьми, улучшение материально-бытового положения воспитанников детских домов и подготовку управленческих кадров из числа коренного населения. Указанные направления деятельности исследуются на основе архивных документов и других исторических источников.

Цель исследования заключается в анализе роли У. Кулымбетова в развитии системы государственного управления республики, а также в реализации социально-экономических и культурных преобразований на основе архивных материалов. Источниковую базу исследования составили документы архивов Республики Казахстан, материалы периодической печати и труды отечественных историков. Результаты исследования позволяют определить место и значение деятельности Узакбая Кулымбетова в истории государственного управления Казахстана. Научная новизна статьи заключается в раскрытии малоизученных аспектов его деятельности как государственного и политического деятеля, а также в выявлении особенностей его управленческой практики на основе ранее не введенных в широкий научный оборот архивных документов.

Ключевые слова: Казахская АССР, Центральный Исполнительный Комитет, голод 1931–1933 годов, казахский язык, животноводство, верблюдоводство, детский дом.

Nurbayeva D.Z. *¹,

¹ PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University,

Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: dina.nis01@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0003-0821-7979>

UZAKBAY KULYMBETOV AS CHAIRMAN OF THE KAZAKH CENTRAL EXECUTIVE COMMITTEE (1935–1937)

Abstract

This article examines the activities of Uzakbay Zheldirbayuly Kulymbetov during his tenure as Chairman of the Kazakh Central Executive Committee from 1935 to 1937. Particular attention is paid to his contribution to addressing the socio-economic and political challenges facing the republic during this period. The study analyzes his role in facilitating the return of populations that had fled Kazakhstan following the famine of 1931–1933, promoting employment among the local population, restoring traditional forms of economic activity, and implementing measures aimed at revitalizing camel breeding. The article also explores Kulymbetov's efforts to enhance the status of the Kazakh language, expand educational opportunities for Kazakh children, improve the welfare of children residing in orphanages, and develop administrative personnel from among the indigenous population. These aspects of his activity are examined on the basis of archival documents and other historical sources.

The aim of the study is to analyze Kulymbetov's role in the development of the republican system of public administration and in the implementation of socio-economic and cultural reforms through the examination of archival materials. The source base of the research includes documents from the archives of the Republic of Kazakhstan, periodical publications, and works of domestic historians. The findings contribute to a deeper understanding of Uzakbay Kulymbetov's place and significance in the history of public administration in Kazakhstan. The scholarly novelty of the article lies in revealing previously understudied aspects of his leadership and administrative activities, as

well as identifying the distinctive features of his governance practices through the analysis of archival sources that have not been widely introduced into academic circulation.

Keywords: Kazakh ASSR, Central Executive Committee, 1931-1933 famine, Kazakh language, livestock farming, camel breeding, orphanage.

Kipicne. Ұзақбай Құлымбетов (1891-1938) XX ғасырдың құбылмалы саяси толқын кезінде өмір сүріп, қазақ халқына адал қызмет атқарған тұлғалардың бірі. Еңбек жолын ұстаздықтан бастап сол кездегі ең биік лауазым Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметін абыроймен атқарған тұлға. Дегенмен ол туралы мектеп оқулығында айтыла бермейді. Қазақстан тарихында 1935-1937 жылдары Қазақ АКСР ОАК төрағасы қызметін атқарған тұлға туралы деректе кездесе бермейді. Оның өз себебі де болды. 1937-1938 жылдардағы Сталиндік жазалаудың құрбанына айналып, «халық жауы» жалған айып тағылғаннан кейін оның еңбектері де, баяндамалары да, ол туралы естеліктер де жойылып кете барды. Оның ұрпақтарының күйі де нашар болды. Олар «халық жауының» ұрпақтары деп қудалауға ұшыратылған болатын. Сол қудалаумен айыптаудан аман қалған ұрпақтары, өз әкесінің атын арашалап алуға көптеп қызметтер атқарды. Оның қызы Орынша Қарабалина-Қазыбаева «Қазақстанға еңбегі сіңген педагог», әкесінің жолын жалғап Тәуелсіз Қазақстанға қызмет етіп келеді. Ол өзінің «Жүрек сыры» ғұмырнамалық-хикаят кітабында әкесімен өткізген шуақты күндерді еске алып, оның «халық жауы» деп атылғанға дейінгі атқарған қызметтерінен естеліктер жазған [1, 3-466]. «Біз не көрмедік?» деп басталатын ғұмырнамалық хикаятта Ұзақбай Құлымбетовтың өмірбаянына тоқталып, өзінің балалық шағындағы көз алдында қалған әкесінің тұлғасын, іс-әрекеттері мен қызметін сипаттап жазған. Бұл хикаятты жазудағы автордың міндеттерінің бірі перзент ретінде әкесінің атын тарихтың қараңғы беттерінен арашалап алу. Оның есімін халық жадына оралту. Өзінің барлық ғұмырын қазақ халқының әлауқатын арттырып, қазақ балаларының білім алуымен дамуына үлес қосқан тұлғаның есімін ел есінде қалдыру болып табылады. Орынша Қарабалина-Қазыбаевамен бірнеше рет кездесіп сұхбаттасқанда оның өз аузынан әкесінің атқарған қызметтері туралы тың деректерді жазып алдым. Ұзақбай Құлымбетовтен тараған ұрпақтармен кездескенде де олардың негізгі өтініштерінің бірі Ұзақбай Құлымбетов пен 19 комиссар атылған қазіргі Алматы аймағының Боралдай деген жеріне естелік тақта орнату. Бүгінгі мақала Ұзақбай Құлымбетов туралы жазылып жүрген мақалалардың жалғасы болмақ. Бұл мақаланың ерекшелігі Ұзақбай Құлымбетовтың жоғары лауазымдық қызметте жүріп атқарған қызметтеріне шолу жасау болып табылады. Мұрағат мәліметтеріне сүйенсек, оның қазақ халқының болашағы үшін қыруар жұмыстар атқарғандығын көрсетеді. Атап айтқанда қылышынан қаны тамып тұрған қызыл империяның гүрлеп тұрған кезінің өзінде қазақ тілінің мәртебесін алға қоя білуі деп атауға болады. 1935 жылдың өзінде барлық мекеме, кәсіпорын басшыларынан барлық жазуды қазақ тілінде жазып, оның аудармасымен екі тілде жазба ұсынылғанда қазақ тілінің бірінші қатарда тұруын талап еткендігін көреміз. Оны орындамағандар үшін көлемді айыппұл төлеттіру мәселесін қойған.

Оның ұлтжандылығының тағы бір көрінісі қараусыз қалған балалардың түгел дерлік қазақтың балалары екендігін жан ұшыра жүріп орталыққа жеткізіп, олардың жағдайын жақсарту мақсатында орталықтан қаражат бөлуін талап еткен. 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың салдарынан туған жерлерінен үдере көшіп кеткен халықты елге қайтару жолында әрбір облыс басшыларына жекелей тапсырмаларды беріп, олардың елге қайту шығындарын өтеп, олар елге келгенде олардың тұрақжайының болуын қадағалауда ұстады. Оны өз тапсырмаларында елге қайтуға ниетті адамдардың тізімін жеке өзіме хабар ретінде жіберіндер деген тапсырмаларынан да байқауға болады. Елге қайтып оралған халықты балық шаруашылығына, егін шаруашылығына, мұнай-кен шаруашылығына тартып еңбекпен қамту мәселесін өз назарында ұстағандығын көре аламыз.

Материалдар мен әдістері Мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты мен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты 2020 жылы бірлесіп шығарған «Ұзақбай Құлымбетовтың мемлекеттік қызметі архив деректерінде (Құжаттар жинағы)» [2, 470-515 бб.] кітабы басшылыққа алынды. Бұл жинақта Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында Ұзақбай Құлымбетов аты аталған барлық құнды құжаттар жинақталған. Құжаттар саны- 503. Оның ішінде бұрын құпия саналған құжаттар да кездеседі. Аталған кітап Ұзақбай Құлымбетовтың атқарған қызметтері бойынша хронологиялық тәртіппен жүйелі бөлінген. Осы жүйені пайдалана отырып, оның белгілі бір қызметі барысында нақты атқарған іс-шараларын мұрағаттық құжаттар негізінде көруге болады. Құжаттардың ішінде оның сөйлеген сөздері, жиналыс барысында жазылып алынған стенограммалар, белгілі бір тақырыпқа қатысты хаттамалар, оның берген тапсырмалары мен тапсырмалардың орындалуы туралы есептерді көруге болады. Зерттеу барысында оның Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметіндегі маңызды іс-шараларына қатысты құжаттарға талдау жасалынып, талданды. Ол деректерді халық арасында Ұзақбай Құлымбетов туралы таралған естеліктермен қатар қойып, оның шынайылығына көз жеткізілді. Мақаланы жазу барысында салыстырмалы талдаулар жасалынды, ғылыми жүйелілік сақталды. Зерттеуде хронологиялық және тақырыптық саралауда методологиялық ғылыми әдістер қолданылды. Сонымен қатар зерттеу барысында тарихи-генетикалық әдіс арқылы Ұзақбай Құлымбетовтың саяси қызметінің эволюциялық даму кезеңдері сарапталды. Мұрағат деректері мен сол кезеңдегі қоғамдық-саяси ахуалды өзара сабақтастықта қарастыру, оның қызметінің ішкі логикасын және сол кездегі билік құрылымдарындағы ықпалын толық ашуға негіз болды. Дереккөздерді іріктеуде «тарихи деректердің сенімділігі» қағидаты басшылыққа алынып, стенограммалар мен ресми хаттамалардағы мәліметтер сол кезеңнің ресми тілі мен сол кездегі идеологиялық шеңберді ескере отырып, сыни тұрғыдан талданды.

Зерттеу жұмысының дереккөздік базасы Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының (ҚРОММ) қорларымен (Р-5, Р-509) тығыз байланыста қалыптастырылды. Сонымен қатар, тақырыптың кеңістік пен уақыт тұрғысынан ашылуы үшін Омарбеков Т., Қойгелдиев М. және Смағұлова С. сынды отандық ғалымдардың XX ғасырдағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік үдерістеріне арналған іргелі еңбектері салыстырмалы талдау нысанына алынды. Бұл тәсіл Ұзақбай Құлымбетовтың мемлекеттік қызметін сол кезеңдегі жалпыұлттық саяси бағыт-бағдармен ұштастыра қарастыруға, сондай-ақ мұрағаттағы құжаттардағы деректердің тарихи контекстпен дәйектілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Аталған құжаттар жинағындағы мәліметтерді жүйелеу арқылы Ұзақбай Құлымбетовтың мемлекеттік басқару жүйесіндегі орны мен оның шешім қабылдау деңгейінің ерекшеліктері айқындалды. Зерттеу барысында мұрағаттық деректердің тек статистикалық сипатта емес, сол дәуірдің саяси-әлеуметтік болмысын ашудағы маңыздылығына назар аударылды. Мұрағаттық құжаттардың ғылыми айналымға енуі, әсіресе, бұрын құпия сақталған мәліметтердің ашылуы, Ұзақбай Құлымбетовтың мемлекет қайраткері ретіндегі тұлғалық қырларын объективті түрде жаңғыртуға мүмкіндік береді. Осылайша, мақалада тарихи шындықты мұрағаттық айғақтармен дәйектеу арқылы Ұзақбай Құлымбетовтың кеңестік кезеңдегі қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы тарихи рөліне жаңа көзқарас қалыптастырылды.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу барысы Ұзақбай Құлымбетовтың 1935-1937 жылдары, яғни өмірінің соңғы жылдары атқарған қызметтері туралы болды. 1935 жылдың 9 қаңтарындағы № IX шақырылымдағы Қазақ ОАК бірінші сессиясының Қазақ ОАК төрағалығы мен төралқа мүшелерін сайлау туралы хаттамасында бірауыздан Ұзақбай Құлымбетов сайланған болатын [3,76-77-бет]. Оның жиналыстарда сөйлеген сөздері, жасаған баяндамалары мен қарамағындағыларға берген тапсырмалары мен жоғары жақтағыларға жазған жазбаларынан оның жасаған қызметтеріне талдау жасап баға беруге мүмкіндік берді. Қазақ

Орталық Атқару комитетінің төрағасы қызметіне кірісе сала, маңызды-маңызды іс-шараларға кіріскен. Оның дәлелі ретінде төмендегі құжаттардың бірнешеуіне тоқталып өткім келеді.

Ұзақбай Құлымбетов қызметке кіріскеннен кейін қолға алған жұмыстарының бірі - Қазақстандағы қараусыз қалған балалардың жағдайы болды. Ұзақбай Құлымбетовтың 1935 жылдың 10 ақпанындағы КСРО ОАК төрағасы М.Калинин, А.С. Енукидзе, А.С. Киселевқа Қазақстандағы балалар үйінің материалдық-техникалық жағдайын қамтамасыз ету туралы хатында ол төмендегідей деректерді келтірген: «Қазақстандағы қараусыз қалған балалардың саны КСРО-дағы балалар үйіндегі балалардың 1/3 бөлігін құрайды. Одақтың басқа өңірлерімен салыстырғанда Қазақстандағы қараусыз қалған балалар мектеп жасындағы балалар болып табылады. Осыдан келіп шығатын мәселе оларға білім беру үшін мектеп жабдықтары мен жатын жерлерді қамтамасыз ету үшін қосымша қаражатты талап етеді. Өйткені қазіргі таңда жатақханалардағы балалар бір орында екі баладан жатуға мәжбүр. Балалар үйінің барлығы қалаларда орналасқан, ал қалада орын жетіспейді, ал мектептер болса үш ауысымда оқуға мәжбүр. Сәйкесінше, балалар үйінің жаңа құрылысын жүргізу керек, сонымен қатар қолданыстағы балалар үйінің жағдайын талаптарға сәйкестендіру қажет. Қараусыз қалған балалардың барлығы ауылдан шыққан қазақ балалары, сондықтан олардың денсаулығын жақсарту үшін жазғы уақыттарда демалыс орындарына жіберуді ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар балалар не киіммен не жатын төсекпен қамтамасыз етілмеген. Осылардың барлығы үшін Ленин қорына 3 миллион рубльден кем емес қаржы жіберуіңізді сұраймыз [4,10-бет].

Аталған хатта қазақ даласында қорғансыз, панасыз қалған балалардың жағдайын жоғарыдағы басшыларға жеткізе отырып, қазақ балаларының білім алып, әл-ауқатының артуы үшін жағдай жасалуын қарастырады. Бұл тақырыпты Ұзақбай Құлымбетов бұл қызметке дейін де өз бақылауында ұстаған болатын. Ол туралы мен өзімнің бұрынғы мақаларымда жариялаған болатынымын. Бұл мақалада Ұзақбай Құлымбетовтың Қазақстанның әрбір аймағындағы балаларын үйін аралап, ондағы қалыптасқан жағдайларды көріп, оны жою мақсатында жоғарыдан талап еткен хаттары сақталған. Оның барған балалар үйіндегі балалардың жағдайы өте ауыр, жатын орындар жетіспеушілігі, тамақтың, киімнің жетіспеушілігі мәселелері ушығып тұрған болатын. Сонымен қатар балалар үйінің басшыларының өз жұмыстарына немқұрайлылық танытып, ішімдікке салынып, балаларға тиісінше жағдай жасамағандығы туралы ашына жазған болатын. Балалар үйіндегі балалардың көп бөлігінің қазақ балалары екендігін ерекше атап өтіп, оларға көмек көрсету мақсатында жоғарыдан көмек сұратқан болатын. [5, 149-155 бб].

1935 жылдың 21 қазанындағы «Республикадағы балалар үйлеріне тоғыз пианино тарату туралы Ұ. Құлымбетовтің Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетіндегі Қазақ өкілдігіне Пивоваровқа жазған хатында»: «Осы жылдың 29 қыркүйегіндегі жеделхатыма сәйкес, облыстағы балалар үйлеріне сатып алынған тоғыз пианиноны келесі мекенжайларға жіберуіңізді сұраймын ... деп Қазақстан өлкесіндегі балалар үйін атап көрсеткен еді [6, 124-бет]. Бұл да қазақ балаларының мәдениет саласында дамуына жасалған қадамдардың бірі ретінде қарастыруға болатын жағдай.

Ұзақбай Құлымбетовтың көтерген маңызды мәселелерінің екіншісі— қазақ тілі мәселесі болды. Бұл мәселе ХХІ ғасырда да өз өзектілігін жоймағаны белгілі. Қазақ тілінің болашағы үшін күрескен қайраткерлер қатарында Ұзақбай Құлымбетовте өз қолында билік тұрған кезде қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бір адамдай ат салысқандығын көруімізге болады. 1935 жылдың 19 қыркүйегіндегі «Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің мекемелердің, кәсіпорындардың, көшелердің, сауда белгілерінің және т.б. атауларын қазақ тілінде міндетті түрде белгілеу туралы қаулысында» Ұзақбай Құлымбетов: «Қазақ АКСР-нің барлық мемлекеттік, корпоративтік және қоғамдық ұйымдары, мекемелері мен кәсіпорындары көше атауларын, баға тізімдерін, кестелерін және басылған жарнамаларын

қазақ тілінде көрсетуге міндетті деп талап қойған болатын. XX ғасырдың алғашқы жартысындағы аумалы-төкпелі заманда осындай талапты қоя білудің өзі, жүрекжұтқандылық пен батырлықтың бір көрінісі ретінде бағалауға болады. Бұл талап етумен ғана шектелмейді, берген тапсырманың орындамаған мекеме, кәсіпорын, ұйым басшыларын жазалап, оларға айыппұл салуды жолға қойған. Бұл да тапсырманың жәй беріле салмай, оның уақытылы, дұрыс орындалуын қадағалауға алып келгендігін көруге болады.

«...атауларды, белгілерді және басқа да ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде көрсеткен кезде қазақша мәтін жоғарғы жағына, ал параллель мәтіндерді басып шығарған немесе жазған кезде сол жаққа орналастырылуы тиіс. Қазақша мәтін латын графикасында пішімделіп, өлшемі мен анықтығы орыс қарпімен бірдей болуы керек. Осы қаулының 1-бабында көрсетілген барлық мекемелер, кәсіпорындар мен ұйымдар осы қаулының талаптарына сәйкес келмейтін барлық қолданыстағы белгілерді, белгілерді және басқа да материалдарды бір ай ішінде жаңаларымен ауыстыруға міндетті. Осы қаулының талаптарын орындамау 1000 рубльге дейін айыппұл салу немесе екі аптаға дейін мәжбүрлі жұмыс істеу сияқты әкімшілік жазаға әкеп соғады» [7, 26-27-бет].

1935 жылдың 24 қазанындағы «Қазақстан Республикасының 15 жылдығына арналған Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің 2-сессиясы және Екпінді колхозшылардың жаңа өлкелік съезінің стенограммасында» Ұзақбай Құлымбетовпен бірге М.И. Калинин, Исаұлы Ораз, Мирзоян, Өзбекстан атқару комиетінің председателі Ақынбабайып, Қырғызстан атқару комитетінің председателі және тағы да басқа қонақтар болды. Ұзақбай Құлымбетов мәжілістің ашылу алдында құттықтау сөз сөйлеп, халықты 15 жылдықпен құттықтады. «Бұрын Қазақстанның шаруашылығында ұсақ шаруашылық болғанымен, ірі кәсіпорындар болмаған. Кешегі уақытта адамға есептелмей, жарты адам есептеліп, малға сатылып жүрген қазақ әйелдері қазіргі күнде еркектермен қатар шаруашылықты билеп, социалистік құрылысқа белсене қатысып отыр. Октябрь төңкерісінен бері Қазақстанның шаруашылығы болсын, мәдениеті болсын бұрынғысынан әлде қайда көтеріліп өзгерді. Қазақстанның бұрынғы күйімен салыстырып қарағанда екі арасы жер мен көктей» - деп мәлімдеме жасаған болатын. Осы тұста ерекше тоқталып кеткім келетін жағдай, оның әйелдер қауымы туралы, олардың ендігі жерде еркектермен иық тіресе отырып қызмет жасауға мүмкіндік алғандығының үлкен жетістіктерінің бірі ретінде қарауы. Ұзақбай Құлымбетовтың «Совет әйелі – тең праволы азамат» атты үндеуінде 1926 жылдың өзінде қазақ әйелдерінің қоғамдық іс-шараларға қатысып, білім алып, өз құқықтарын еркектермен тең дәрежеде пайдалануын алға тарқан болатын [8, 4294-4297 беттер]. Бұл салада да Ұзақбай Құлымбетов қазақ әйелдерінің сауатты болып, ғылымға араласуына ат салысқандығын көре аламыз. Қазіргі таңдағы әйел азаматтардың қоғамдық іс-шараларда белсенділік танытып, білім алып, ғылымға, мәдениетке, экономикаға үлес қосып отырғандығына сол кезден бастама жасалынды деп айтсам қателеспеспін деп ойлаймын. Ұзақбай Құлымбетовтың қазақ әйелдерін қолдап, оларды рухтандырып, шабыттандырып, дамуға шақыруы жалпы үлкен көрегендік деп айтуға болады. Өйткені әйел ол - ана. Ұрпақты тәрбиелеуде басты қызмет атқарып отырған аналардың көзі ашық, көкірегі ояу болса, ол тәриелен балалардың да көрер күндері жарық болары сөзсіз. Білімді, сауаты, тәрбиелі ана ғана баласына білім нәрін беріп, ізгіліктің рухымен қуаттандыра алады. Қазіргі таңда да осы әйелдердің қоғамдағы рөлі мен қызметі терең талқылануда. Және бұл тақырып ешқашан өз күшін жоймайтыны анық.

Ұзақбай Құлымбетовтың Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметін атқару кезі Қазақ АКСР-ның 15 жылдық мерейтойымен тұспа -тұс келген болатын. Бұл да тегін емес болатын. Ол қызметке араласқан уақытта аумалы-төкпелі кезең орын алып, Ұ.Құлымбетов дәл осы Қазақ АКСР-ның тарихымен бірге өсіп, өркендеді десек те болады. Қазақ АКСР ОАК төрағасы қызметіне дейін ол төменде 1-кестеде берілген қызметтерді атқарды.


1-Кесте

Жылдар	Ұзақбай Құлымбетовтың атқарған қызметтері
1920-1924 жж.	Ағарту ісі жолында. Ақмола губкомының төрағасы.
1925-1926 жж.	Қазақ АКСР Халық шаруашылығы орталық кеңесінің төрағасы
1927 жыл	Қазақ АКСР Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары. Қазақ АКСР мемлекеттік жоспарлау комиссиясының төрағасы.
1928-1930 жж.	Қазақ АКСР халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары - Қазақ АКСР Ішкі және сыртқы сауда халық комиссары.
1931 жыл	Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары: Халық шаруашылығын дамыту, Алматы қаласының құрылысы. Ашаршылық салдарын жою іс-шаралары.
1932-1934 жж.	Қазақ АКСР Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары: Қазақстанның мәдени құрылысын және ғылымын дамыту. Жергілікті халықты жаппай отырықшылыққа көшіру іс-шаралары.
1935-1937 жж.	Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы: Қазақ Республикасының автономиядан Одақтас Республика статусына өтуі. Жаңа Конституцияның қабылдануы.

Кестеден көріп отырғанымыздай оның тұтастай еңбек жолы Қазақ АКСР-ның қалыптасуы мен дамуы жолында өткен. Ол атқарған қызметтердің барлығы дерлік ең маңызды позициялар болатын. Оның әрқайсысына тоқталып алдағы уақыттарда мақалалар мен зерттеулер жазылатын болады. Сондықтан Қазақ АКСР ның 15 жылында жеткен жетістіктер мен кемшіліктердің өзінде де Ұзақбай Құлымбетовтың үлесі болғандығын түсінуіміз керек.

1935 жылы Қазақ АКСР-ның 15 жылдығына орай Ұзақбай Құлымбетовтың құттықтау сөзінде, 15 жылда жеткен жетістіктер туралы айтылды. Қазақстанның өнеркәсібі көркейіп, кешегі капиталистерінің концессиясы болған Спасск, Жезқазған сияқты ірі өндіріс орынына Қарағанды, Риддер, Балқаш сияқты ірі өндіріс орындары салынып жатыр. Балық зауыттары, ет зауыттары бұдан басқа да әртүрлі кәсіп орындары салынып, Қазақстанның ірі өнерлі кәсібі өсуімен қатар, бұрынғы тарау шаруашылық орнына, ірі жоғары техникалы шаруашылық ұйымдастырылып, 90 пайыз шаруашылық колхозданып отыр. Бұрын соқамен айдалған жерді қазіргі таңда трактор, комбайн сияқты машиналар жасап жатыр. Қазірде Қазақстанның жерінде 20 мың трактор, 3 мың комбайн, 5 мың атты машина, колхоз-совхоз жерлеріндеістеп, жастары осы ірі машиналардың тракторисі, комбайншысы болып машиналарды қолма-қол жүргізіп жүр.

Қазақстанның ашылмайтын бұлттай қараңғылығы жойылып бұл күнде 60-70 пайыз халық сауатсыздығын жойып отыр. Мектеп жасындағы балалардың 80-90 пайызы мектепке тартылып отыр. Қазір біздің күн санап, қаулап, өсіп келе жатқан өндіріс орындарымыз Қарағанды, бұл Қарағанды бүкіл кеңестер одағына тас көмір шығару жөнінде 3-орын алады. Басқа да түсті металл жөнінде де Қазақстан бүкіл Кеңестер одағында ең бай республика, азық-түлік, жеңіл өндіріс кәсіпорындарыда жылдан жылға өсіп келе жатыр...» [9, 1-9-беттер].



1-сурет. Қазақ АКСР-ның 15 жылдығын тойлау барысындағы суреттер.
(Казахстанская правда газеті, 27-28 қазан, 1935 жыл)

Ұзақбай Құлымбетов Қазақстандағы мал шаруашылығының өрістеуі мен дамуына көп көңіл бөлді. Ол туралы бірнеше мақала жазып, баяндамалар жасаған болатын. Мал шаруашылығы қазақ халқының ежелден келе жатырған ата кәсібі. «Мал-жан аман ба?» деп сөз бастайтын халықтың ата кәсібінің 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтан кейін қалпына келітуді басшылыққа алған. Қазақ халқы ашаршылықтан кейінгі есеңгіреп қалған хал-ахуалын реттеп алуы үшін де мал басының артуы маңызды еді. Мал шаруашылығының ішінде түйе шаруашылығына ерекше ден қойған Ұзақбай Құлымбетов 1935 жылдың 2 желтоқсанындағы «Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті жанындағы мал шаруашылығын дамытуға ықпал ету комиссиясының мал шаруашылығының кейбір практикалық мәселелерін дайындау және іске асыру жөніндегі отырысының хаттамасында»: түйе шаруашылығын қалпына келтіріп оны дамыту мақсатында Қазақ АКСР Ауыл шаруашылығы халық комиссариаты тарапынан байқау жариялауды тапсырған. Сонымен қатар Ерназаров пен Сырғабекке түйе шаруашылығы туралы барлық ақпараттарды жинастырып, профессор П.В. Иванов және Ғылым комитетімен бірлесе отырып түйе шаруашылығы туралы жарияланған әдебиеттерге рецензиялау жұмыстарын жүргізуді тапсырған. Сонымен қатар профессор Ивановтың «Түйе шаруашылығы» [10, 11-15 бб.] еңбегін газет журналдарына, «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналына жариялап халыққа қолжетімді етуді тапсырған [11, 130-131-бб.].



2- сурет. Ұзақбай Құлымбетов түйе шаруашылығын жүргізуде басшылыққа тапсырған П.В. Ивановтың «Түйе шаруашылығы» туралы кітабынан үзінділер

Екінші суреттерді берілген үзінділерден көріп отырғанымыздай аталған шаруашылық бойынша зерттеулер мен кітаптардың өте аз болғандығын көреміз. Соның ішінде ең маңызды еңбек деп осы еңбекті атай аламыз. Түйе шаруашылығын қазақ халқынан артық ешкім білмейтін шығар. Дегенмен зерттеулерге негізделген ғылыми еңбектің маңызы жоғары екендігі анық.

Ұзақбай Құлымбетовтың басқа да түйе шаруашылығы бойынша берген тапсырмаларынан байқағанымыз, Қазақстан амағында түйе шаруашылығының дұрыс жүргізілмеуі және түйені боталатудың, оны күтіп баптаудың дұрыс жүргізілмеуін байқауға болады. Осының алдын алу үшін түйе шаруашылығының жүргізілуін тексеру үшін арнайы комиссияны түйе шаруашылығы бар өңірлерге жіберіп отырған. Оны 1935 жылдың 25 қарашасы күні Батыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы К.Я.Рафальскийдің түйе шаруашылығы туралы Ұ.Құлымбетовке жазған хатынан көре аламыз[12, 65-67-66.].

Ұзақбай Құлымбетов түйе шаруашылығындағы кемшіліктердің алдын алу үшін оны ғылыми негізде зерттеуді тапсырған. Түйе шаруашылығын мамандардың көптеп оқытылуы үшін арнайы курстар жүргізуін басшылыққа алғандығын көреміз. «Түйе фермаларының менеджерлерін оқыту үшін 35 адамнан тұратын аймақтық курстар ұйымдастыру және түйе өсіру аймақтарындағы мал шаруашылығы курстарының оқу бағдарламасына түйе өсіруді енгізу қажеттілігін мойындау. Түйе өсіру аймақтарындағы ауылшаруашылық техникалық мектептері мен ветеринарлық техникалық мектептердің оқу бағдарламалары мен бағдарламаларына түйе өсіру сабақтарын енгізу, Жоғары оқу орындары мен техникалық мектептер департаментіне 1936 жылдан бастап оқытушыларды іріктеуді және осы пәнді тиісті техникалық мектептерде енгізуді қамтамасыз етуді тапсыру» деген тапсырмасының өзінен оның осы іске белсене араласқандығын көруімізге болады. Жалпы ата кәсіптің ең маңызды саласының бірі осы түйе шаруашылығы болып табылды. Оны дамыту, оны жолға қою халықтың әл-ауқатының артуына себепші болатыны айтпаса да белгілі. Өйткені Қазақстанның көптеген аймақтары шөлді, шөлейтті аймақтар болғандықтан да түйе өсірудің маңызы ерекше болмақ. [13, 139-142-66.].

1936 жылғы қаңтардағы «Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұ.Құлымбетовтің «Мал санағы - мал шаруашылығы жұмысына шолу» атты хабарламасында мал басы санағының жүргізілуінің маңызы туралы айтылады. Бірде-бір мал басы санақтан тыс қалмауын тапсырады. Алдыңғы жылдармен салыстырғандағы мал басының өсуін атап өтеді:

ірі қара саны – 16,4%, қой мен ешкі – 22,5% ға артқандығын атап өтеді. Дегенмен түйе шаруашылығының әлі де дұрыс жолға қойылмай отырғандығын өкінішпен атап өткен болатын. Қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы болғандықтан да, мал шаруашылығының қарқынды дамуы елдің экономикасына тың қарқын берері сөзсіз. Сондықтан да мал шаруашылығы саласында еңбек етіп, ерекше көзге түскен шопандар мен малшыларды марапаттап, еңбектерінің еленуіне жағдай жасалатындығын атап көрсеткен болатын [14, 58-63-бб.].

Қазақстанда түйе шаруашылығын өркендету арқылы ел экономикасы мен әл ауқатын арттыруды көздеген Ұзақбай Құлымбетов 1936 жылдың 25 қаңтарында «Моңғолиядан түйелерді сатып алу және алып келумен айналысатын жұмысшылар тобы туралы Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Л. Мирзоянға үкіметтік жеделхат жолдағаны белгілі. Ол жеделхатта түйелерді Қазақстанға алып келуде түйе шаруашылығын жақсы меңгерген мамандарды (Иванов, Жаманмұрынов) және үш дәрігер мен үш зоотехникті ұсынған. Хатта 2500 түйені Моңғолиядан әкелу мәселесі көтерілген екен [15, 2-бет].

Қазақстанда мал шаруашылығын нығайту және онан әрі өркендету шаралары туралы Ұзақбай Құлымбетовтың жалпы Қазақстанның IX кеңес съезінде 1935 жылдың 5 қаңтарында жасаған баяндамасында осы мәселелер деректер мен дәлелдер негізінде толық сипатталып айтылған болатын [16, 101бет].

Ұзақбай Құлымбетов Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметін атқарған кезде қолға алған жұмыстарының бірі – 1931-1933 жылдардағы ашаршылық жылдары елден үдере көшкен жергілікті халықты елге қайтару мәселесі болып табылды. Сонымен қатар олады елге қайтарудың барлық мүмкіндіктерін қарастырып, жергілікті халықтың елде тез сіңісіп, орналасып кетуі үшін жағдай жасауы жергілікті аймақ басшыларына қатаң түрде тапсырып, оның орындалуы мен барысы туралы есеп алып отырғандығын көреміз. 1935 жылдың 1 желтоқсанындағы «Батыс Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары З.Құрманбаевтың Ұ.Құлымбетовке өңірге келген қазақ көшпенділеріне арналған шаруашылықтарды ұйымдастыру туралы есебінен» елге оралушылардың санын көре аламыз. Өкінішке орай жыл сайынғы елге оралушылардың санының кеміп отырғандығы байқалады. Мысалы, 1932 жылы 10532 шаруашылық, 1933 жылы 10957, 1934 жылы 4950 шаруашылық және 1935 жылы 397, жалпы алғанда 26836 шаруашылық қайта оралған. Есепте қазақтардың көп қоныс аударған аймақтары ретінде Башкирия, Куйбышев, Горьковск, Сталинград, Саратов, Тамбов аймақтары екендігі атап өтілген. Олардың қазіргі таңдағы кәсіптері жаңа құрылыс орындарында, құрылысшы, завод мен совхоздардағы жұмысшылар екендігі берілген. Сонымен қатар 1936 жылғы жоспарға сәйкес халықты отырықшыландыру үшін балық шаруашылығын, мал шаруашылығын қолға алып және мұнай шаруашылығымен айналысатын аймақтарға төменде кестеде көрсетілген аймақтарға орналастыру көзделгендігін жеткізген [17, 10-14-бб.].

1935 жылдың 13 желтоқсанындағы «Көшіп кеткен қазақтарды Қазақстанға қайтару шаралары» туралы Ұзақбай Құлымбетов төмендегідей тапсырмаларды берген болатын:

2 Кесте

- | |
|---|
| <ol style="list-style-type: none">1. Қоныс аударушыларға жеңілдіктер туралы (ауыл шаруашылығы салығынан және басқа да баждардан босату). Аймақтар мен аумақтарды барлық қоғамдастырылған мүлкімен, үлестік жарналарымен және Қазақстанға қазақтарды қайтаруға міндеттейтін шешім шығару.2. Қоныс аударылған шаруашылықтар үшін экономикалық жағдайды реттеуге және мал қорын толтыруға бағытталған шаралар.3. Биыл Қазақстанға қайтарылатын шаруашылықтар санын бағалау.4. Қазақтардың оралуын ұйымдастыру үшін осы аймақтар мен аумақтарға бригадалар жіберу.5. Материалдық ресурстар. Мемлекеттік және жергілікті бюджеттерден қаражат бөлу мәселелері, сондай-ақ жабдықтау мәселелері.6. 1936 жылға қатысты мәселелер бойынша өнеркәсіптік дақыл аудандарының өкілдерімен |
|---|

кездесу.

Қажет:

1. Қоныс аударғысы келетіндерден барлық құжаттарды жинап, оларды арнайы жазбамен маған тапсыру. Жолдас Каратаевқа тапсырма беру.

2. 16 қарашадағы хатыма облыстық атқару комитеттерінен жауап сұрау.

3. Сібір мен Еділ бойына адамдарды тағайындау.

Келесі бригадаларды ұйымдастырыңыз: 1-бригада - Өзбекстан мен Тәжікстан, 2- бригада - Түркіменстан мен Қарақалпақстан, 3-бригада - Қырғызстан, 4-бригада - Орынбор және Еділ бойы, 5-бригада - Сібір.

...

7. Жолдас Сырғабеков бюджет есебінен қоныс аудару орындарын алдын ала белгілесін, сондай-ақ қайта оралушыларды қоныстандыру, олардың шаруашылығы мен тұрғылықты жерін қалпына келтіру, тұрғын үй құрылысына көмек көрсету туралы облыстар мен аудандарға арнайы нұсқаулық шығарсын.

[18, 1-2-беттер].

Бұл тапсырмалардың орындалуын Ұзақбай Құлымбетов өзі жеке бақылауда ұстаған. Ондағы көздеген мақсаты да өзінің туған жеріне оралуға ниетті халықты барлық жағынан қамтамасыз етіп, Отанында ұстап қалу. Осы арқылы өз жерінде аз ұлтқа айналып бара жатырған жергілікті халықтың санын қалпына келтіру болатын.

Зерттеу нәтижелері Ұзақбай Құлымбетовтің Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы ретінде 1930-жылдардағы республиканың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарғанын айқын көрсетеді. Оның қызметі кеңестік биліктің орталықтандыру саясаты күшейген, индустрияландыру мен ұжымдастыру шаралары жедел жүргізілген күрделі кезеңмен сәйкес келді. Осы жағдай Құлымбетовтің қызметінің мазмұнына да, қабылдаған шешімдеріне де әсер етті. Алынған деректер Құлымбетовтің ұлттық кадрларды қалыптастыруға, мемлекеттік басқару жүйесінде жергілікті мамандардың үлесін арттыруға айрықша көңіл бөлгенін көрсетеді. Бұл, бір жағынан, 1920–1930 жылдардағы коренизация саясатының талаптарына сәйкес келсе, екінші жағынан, оның жеке көзқарасы мен ұлттық мүддені қорғауға ұмтылысын айғақтайды. Сонымен бірге Құлымбетовтің әлеуметтік салаға -балалар үйлері, денсаулық сақтау, білім беру мекемелеріне қолдау көрсетуі оның әкімшілік қызметінің әлеуметтік бағытталған сипатын байқатады. Бұрынғы зерттеулерде бұл аспект аз қарастырылған болатын, ал біздің талдауымыз оның гуманистік бағдарын толықтыра түседі. Алайда Құлымбетов қызметінің басқа қыры - орталық биліктің директиваларына тәуелділік зерттеушілер арасында талқылауды қажет ететін мәселе болып табылады. Индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын қайта құрудың зардаптары, әсіресе ашаршылықтан кейінгі кезеңде жүргізілген шаралардың тиімділігі жөнінде түрлі көзқарастар бар. Біздің деректер дәлелдегендей, Құлымбетов республикадағы ауыр әлеуметтік жағдайды жеңілдетуге күш салғанымен, орталықтың қатаң саяси шектеулеріне байланысты оның мүмкіндігі шектеулі болды. Бұл оның қызметінің даулы қырларын көрсетеді.

Ұзақбай Құлымбетовтің 1930 жылдардағы мемлекеттік қызметі республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының күрделі кезеңімен тұспа-тұс келді. Оның басқарушылық қызметі отандық тарихшылардың еңбектеріндегі XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу үдерісімен тікелей сабақтасады [19]. Зерттеу барысында анықталғандай, Құлымбетовтің ашаршылықтан кейінгі кезеңдегі әлеуметтік бастамалары, атап айтқанда, көшпелі халықты орнықтыру және жергілікті кадрларды басқару жүйесіне тарту саясаты, сол кезеңдегі «коренизация» үдерісінің талаптарымен үндеседі [20].

Мұрағаттық деректерді ғылыми айналымдағы тарихнамалық еңбектермен салыстыра отырып, Ұзақбай Құлымбетовтің саяси жүйенің ішкі қайшылықтарын терең түсінген тұлға болғанын айтуға болады. Ол орталықтың директивалық талаптарын орындай отырып, ұлттық мүддені қорғаудың мүмкін болатын барлық тетіктерін пайдаланған. Сондай-ақ, 1937 жылғы

Конституцияны әзірлеуге қатысуы оның мемлекеттік-құқықтық дамуға қосқан елеулі үлесінің айғағы мұрағаттық құжаттардағы стенограммалар мен хаттамалардың шынайылығын ұсынған деректанулық әдістемелер арқылы талдау, Ұзақбай Құлымбетовтің әкімшілік қызметіндегі «тарихи деректің сенімділігі» қағидатын толық дәлелдейді. Осылайша, Құлымбетов тұлғасы кеңестік басқару аппаратындағы ұлттық мүддені алға тартқан қайраткер ретінде тарихнамада өзіндік бағасын алады.

Зерттеу нәтижелерін бұрынғы еңбектермен салыстыру Құлымбетовтің тек мемлекеттік қызметкер ретінде ғана емес, сонымен қатар саяси жүйенің ішкі қайшылықтарын терең түсінген тұлға болғанын дәлелдейді. Кейбір тарихшылар оны орталық саясатының орындаушысы ретінде қарастырса, біздің жұмыс оның ұлттық мүдделерді қорғау жолындағы ұстанымдарын нақты деректермен толықтырады. Осылайша, Құлымбетов тұлғасына қатысты ғылыми пікірталас жаңа мазмұнмен толығыды.

Сонымен қатар оның қызметінің ұзақ мерзімді салдары да назар аудартады. Ол басқарған кезеңде республиканың әкімшілік құрылымы нығайып, әлеуметтік инфрақұрылым қалпына келе бастады. Бірақ саяси репрессияның күшеюі Құлымбетов бастаған көптеген ұлттық кадрлардың тағдырына қайғылы соққы болғаны белгілі. Бұл тарихи шындық сол кезеңдегі билік жүйесінің ішкі қарама-қайшылығын және ұлттық мемлекеттік құрылыстың толыққанды қалыптасуына кедергі болған факторларды көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Ұзақбай Құлымбетовтің Қазақстан тарихындағы орны мен рөліне жаңаша көзқарас ұсынады. Оның қызметіндегі әлеуметтік бастамалар, ұлттық кадрларды қолдау саясаты, басқарушылық қабілеті бұрынғы әдебиеттерде айтылған бағаларды толықтырады әрі тереңдетеді. Сонымен қатар зерттеу Кеңес дәуіріндегі республикалық басшылардың рөлін қайта қарастыруға және ұлттық модернизация процесіндегі тұлғалық фактордың маңызын ашуға мүмкіндік береді.

Қорытынды. «Қорытындылай келе, архивтік құжаттар Ұзақбай Құлымбетовтің 1935–1937 жылдардағы қызметінің тек ресми тапсырмаларды орындау емес, сонымен бірге ұлттық мүддені қорғауға бағытталған күрделі процесс болғанын көрсетеді. Оның ашаршылықтан кейінгі демографиялық дағдарысты еңсеру, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекіту, балалардың әлеуметтік жағдайын жақсарту және түйе шаруашылығын ғылыми негізде дамыту бастамалары оның көреген басшы әрі ұлтжанды қайраткер ретіндегі бейнесін айқындай түседі. Ұзақбай Құлымбетовтің мемлекеттік басқару жүйесіндегі орны – қазақ халқының тарихындағы елеулі бетбұрыстардың бірі, ал оның есімін тарихи жадымызда сақтау – болашақ ұрпақ алдындағы парыз. Бұл мақала тұлғаның мұрасын ғылыми тұрғыдан жаңғыртуға және мұрағаттық құжаттар негізінде оның тарихи рөлін объективті бағалауға бағытталған қадам болып табылады.

Қазақстан тарихында ізгі жолымен есте қалған ерекше тұлғалар көп. Бірақ олардың аты жас ұрпақтың санасына еніп, тұлғаның жасаған оңды қызметтерін келер ұрпақтың санасына жеткізу үшін, ол тұлғаны дәріптеу, насихаттау жұмыстары терең жүргізілуі керек. Ғылыми жазылған мақала тек ғылыми қауым үшін ғана емес барлық қарапайым оқырманға түсінікті болуы керек. Осындай ізгі мақсатта жұмыс жасап тарихтың көлеңкесінде қалып кеткен тұлғаларды жарыққа шығарып, жастар арасында насихаттап жүрген Санжар Керімбайдың еңбегін атап өткім келеді. Жастар шетелдің тарихи тұлғаларына еліктемей өзімізде де олардан асып түспесе кем түспейтін таудай тұлғалар бар болғандығын, болатынын және болашақта да бола беретіндігін насихаттап жүр. Бұл ғылымның көпшілік қауым алдында анық тілде жариялануының жақсы көрінісі болды деп ойлаймын. Ондай кітаптардың қатарында «Өзбекәлі және мәдени майдан», «Қаныш және ғылыми майдан», «Жұмабек және жер майдан» кітаптарын атап өтуге болады. Бұл кітаптар сериясы қалың оқырман арасында үздіксіз оқылып жатыр, бастамаға қолдау көрсетуші мұғалімдер болсын, кәсіпкерлер болсын тез арада өз оқырмандарына, оқушыларына осы кітаптарды жарыса насихаттап жатыр. Бұл кітаптарды атағандағы мақсатым Ұзақбай Құлымбетов те осы үлкен майданның күрескері бола алды деп

санаймын. Қызыл империяның әмірі жүріп тұрған заманда қазақ ұлтының жоғын жоқтап, болашағы үшін қадамдар жасау үшін барлық күшін салған Ұзақбай Құлымбетовтың де қалың оқырман арасында насихатталуына жол ашылады деп сенемін. Осы тақырыпты зерттеуші ретінде осы жұмыстың басы қасында жүремін деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Казахстанская Национальная Электронная Библиотека. (б.з.ж.). (3–4-б.). (қарау уақыты: 10.01.2026)
2. Қаратаева Г.М., Жылысбаева М.Ф., Қабылдинов З.Е., Құдайбергенұлы Б. (Құраст.). «Ұзақбай Құлымбетовтың мемлекеттік қызметі архив деректерінде: Құжаттар жинағы» - Алматы: 2020. - 470–530 бб.
3. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 16-тізбе, 38-іс, 76–77-б. Көшірме.
4. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-509-қор, 1-тізбе, 337-іс, 10-б.
5. «XX ғасырдағы Қазақстан мен Орта Азия тарихындағы ұлттық құндылықтар мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. - Алматы: 2023. - 149–155 бб.
6. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-509-қор, 1-тізбе, 337-іс, 124-б.
7. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 16-тізбе, 54-іс, 26–27-б. Көшірме.
8. XVII Халықаралық студенттер мен жас ғалымдардың «Білім және ғылым – 2022» конференциясының материалдары. - Нұр-Сұлтан: 2022. - 4294–4297 бб.
9. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 16-тізбе, 648-іс, 1–9-б. Көшірме (латын әрпі).
10. Иванов П.В. «Верблюд и его изучение» [Текст]. Онлайн-қарау жүйесі. (б.з.ж.). (дата рассмотрения: 19.02.2025)
11. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 16-тізбе, 563-іс, 130–131-б. Түпнұсқа.
12. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 16-тізбе, 565-іс, 65–67-б. Түпнұсқа.
13. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 16-тізбе, 563-іс, 139–142-б. Түпнұсқа.
14. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 17-тізбе, 49-іс, 58–63-б. Көшірме.
15. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 21-тізбе, 187-іс, 2-б. Көшірме.
16. Смағұлова С.О., Сатенова М.Р., Оразов Р.Е. (құраст.). «Ұзақбай Құлымбетов: Материалдар мен құжаттар жинағы» - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017.
17. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 16-тізбе, 365-іс, 10–14-б. Түпнұсқа.
18. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ҚРОММ Р-5-қор, 16-тізбе, 365-іс, 1–2-б. Көшірме.

References:

1. Kazakhstan Respublikalyk Ulttyk Elektronikalyk Kitaphanasy. (b.z.zh.). (3–4-b.). (qarau uaqyty: 10.01.2026) [in Russian]
2. Qarataeva G.M., Zhylysb aeva M.G., Qabyldinov Z.E., Qudaibergenuly B. (Qurast.). «Uzaqbai Qulymbetovtyng memlekettik qyzmeti arhiv derekterinde: Qujattar jinaghy» - Almaty: 2020. - 470–530 bb. [in Kazakh].
3. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 16-tizbe, 38-is, 76–77-b. Koshirme. [in Kazakh]
4. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-509-qor, 1-tizbe, 337-is, 10-b. [in Kazakh]
5. «XX ghasyrdaghy Qazaqstan men Orta Aziya tarihyndaghy ulttyq qundylyqtar maseleleri» atty halyqaralyq ghylymi-tazhiribelik konferentsiya materialdary. - Almaty: 2023. - 149–155 bb.
6. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-509-qor, 1-tizbe, 337-is, 124-b. [in Kazakh]
7. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 16-tizbe, 54-is, 26–27-b. Koshirme. [in Kazakh]
8. XVII Halyqaralyq studentter men jas ghalymdardyg «Bilim zhane ghylym – 2022» konferentsiyasynyng materialdary. - Nur-Sultan: 2022. - 4294–4297 bb. [in Kazakh]
9. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 16-tizbe, 648-is, 1–9-b. Koshirme (latyn arpimen). [in Kazakh]
10. Ivanov P.V. «Verblyud i yego izucheniye» [Tekst]. Onlain-qarau zhüyesi. (b.z.zh.). (data rassmotreniya: 19.02.2025) [in Russian]
11. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 16-tizbe, 563-is, 130–131-b. Tupnusqa. [in Kazakh]
12. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 16-tizbe, 565-is, 65–67-b. Tupnusqa. [in Kazakh]
13. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 16-tizbe, 563-is, 139–142-b. Tupnusqa. [in Kazakh]
14. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 17-tizbe, 49-is, 58–63-b. Koshirme. [in Kazakh]
15. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 21-tizbe, 187-is, 2-b. Koshirme. [in Kazakh]
16. Smaghulova S.O., Satenova M.R., Orazov R.E. (qurast.). «Uzaqbai Qulymbetov: Materialdar men qujattar jinaghy» - Almaty: Qazaq entsiklopediyasy, 2017. [in Kazakh]
17. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 16-tizbe, 365-is, 10–14-b. Tupnusqa. [in Kazakh]
18. Qazaqstan Respublikasynyng Ortalyq memlekettik arhivi QROMM R-5-qor, 16-tizbe, 365-is, 1–2-b. Koshirme. [in Kazakh]

ГТАХР / МРНТИ / IRSTI 78.09.15

ӘОЖ 94(574)1941/1945:355.48

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.032>

А.А. Ислямова  *¹

¹Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының PhD докторанты, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан, e-mail: bakytzhan_azhar@mail.ru
orcid.org/0009-0008-6145-9241

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТІҢ ПАРТИЗАНДЫҚ ҚЫЗМЕТІ: ӘСКЕРИ-СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТАКТИКАСЫНЫҢ ТАРИХИ ТАЛДАУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қасым Қайсеновтің партизандық қызметін әскери-тарихи және тактикалық тұрғыдан зерттей отырып, оның тарихи тұлғасы тереңінен қарастырылады. Мақаланың мақсаты Қасым Қайсеновтің партизандық әрекеттерінің әскери тактикалық қырларын талдап, олардың аймақтық партизандық қозғалысқа және жалпы Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына қосқан үлесі айқындалды.

Қазақстандық тарихнамада Қ. Қайсенов тұлғасы негізінен батырлық-биографиялық және публицистикалық деңгейде қарастырылып келеді. Оның естеліктері мен көркем-публицистикалық еңбектерінде нақты әскери операциялар сипатталғанымен, бұл материалдар көбіне дербес тактикалық талдауға түсе бермеген.

Кеңестік кезеңде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандық қозғалыс кең көлемде зерттелді. Бұл еңбектерде партизандық күрес Қызыл Армияның стратегиялық құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, оның жау тылындағы коммуникацияларды бұзудағы рөлі ерекше атап өтілді. Қ. Қайсенов феноменін зерттеуде қолданылған дереккөздер мазмұны, шығу тегі және танымдық мүмкіндіктері жағынан біртекті емес. Сондықтан оларды типологиялау зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен шектеулерін айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеудің дереккөздік базасын Қасым Қайсеновтің партизандық қызметін тікелей немесе жанама түрде сипаттайтын әртүрлі типтегі материалдар құрайды.

Зерттеу нәтижесі Қ. Қайсенов тәжірибесі «шағын соғыс» теориялары аясында қайта пайымдалып, отандық тарихнамадағы публицистикалық басымдықты әскери-талдамалық деңгеймен толықтыруға бағытталған ұстанымды нақтылайды.

Түйін сөздер: Қасым Қайсенов, партизандық соғыс, диверсиялық операция, барлау-шабуыл тактикасы, шағын соғыс, әскери тарих.

А.А. Ислямова *¹

¹PhD докторант кафедры истории Казахстана и социально-гуманитарных наук,
Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан, e-mail: bakytzhan_azhar@mail.ru
orcid.org/0009-0008-6145-9241

ПАРТИЗАНСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАСЫМА КАЙСЕНОВА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЕГО ВОЕННО-СТРАТЕГИЧЕСКОЙ ТАКТИКИ

Аннотация

В статье исследуется партизанская деятельность Касыма Кайсенова в период Великой Отечественной войны с военно-исторической и тактической точек зрения, глубже раскрыта его историческая личность. Цель статьи - проанализировать военно-тактические аспекты партизанской деятельности Касыма Кайсенова и определить их вклад в региональное партизанское движение и историю Второй мировой войны в целом.

В казахстанской историографии личность К. Кайсенова рассматривается преимущественно на героико-биографическом и журналистском уровне. Хотя его мемуары и литературно-журналистские работы описывают конкретные военные действия, эти материалы часто не подвергаются самостоятельному тактическому анализу.

В советский период партизанское движение во время Великой Отечественной войны изучалось очень подробно. В этих работах партизанская борьба рассматривалась как стратегическая составляющая Красной Армии, и подчеркивалась ее роль в нарушении коммуникаций в тылу врага. Источники, использованные в исследовании феномена К. Кайсенова, неоднородны по содержанию, происхождению и познавательным возможностям. Поэтому их типология позволяет четко продемонстрировать достоверность и ограничения результатов исследования. Источниковая база исследования состоит из различных типов материалов, прямо или косвенно описывающих партизанскую деятельность Касыма Кайсенова.

Результаты исследования показывают, что опыт К. Кайсенова переосмысливается в рамках теорий «малой войны», уточняя позицию, направленную на дополнение журналистского приоритета в отечественной историографии военно-аналитическим уровнем.

Ключевые слова: Касым Кайсенов, партизанская война, диверсионная операция, разведывательно-штурмовая тактика, малая война, военная история.

А.А. Islyamova *¹

¹PhD doctoral student, Department of History of Kazakhstan and Social-Humanitarian Disciplines,
Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,
e-mail: bakytzhan_azhar@mail.ru
orcid.org/0009-0008-6145-9241

THE GUERRILLA ACTIVITIES OF KASYM KAYSENOV: A HISTORICAL ANALYSIS OF HIS MILITARY-STRATEGIC TACTICS

Abstract

The article examines the partisan activities of Kasym Kaysenov during the Great Patriotic War from military-historical and tactical points of view, in order to further reveal his historical personality. This article aims to analyze the military and tactical dimensions of Kasym Kaysenov's partisan